



010000, Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

№
17.11.2022 № 5 ге

Тұрақты комиссияның 2022 жылғы 17 қарашадағы қаулысы

«1000 орын – көше саудасы» бағдарламасын іске асыру барысы туралы

«1000 орын – көше саудасы» бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) іске асыру барысы туралы» ақпаратты тыңдап және талқылап, Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы (бұдан әрі – Тұрақты комиссия) «Astana» ӘКК» АҚ-мен Бағдарламаны іске асыру бойынша белгілі бір жұмыстар жүргізіліп жатқанын атап өтеді.

Сонымен қатар, Астана қаласы мәслихатының депутаттары (бұдан әрі – Мәслихат депутаттары) бүгінгі таңда елорда аумағында, оның ішінде қала шетінде, тұрғын алаптарында шағын және орта бизнесті қарқынды дамыту мақсатында Бағдарлама жетілдіруді талап ететінін айтты.

Соңғы жылдар ішінде қала тұрғындары тарапынан Бағдарламаға қатысты көптеген шағымдар түскен, соның ішінде жер учаскесіне тиісті құжаттарды ресімдеу мерзімі бір жылдан екі жылға дейін созылуы мүмкін болғандықтан, кәсіпкерлер Бағдарламаға қатысудан бас тартуға мәжбүр.

Бүгінгі таңда Бағдарлама шеңберінде кәсіпкерлерге берілген 200-ден астам жер учаскесі пайдаланылмайды, олар бастапқы жағдайға келтірілмеген және мемлекетке қайтарылмаған. Бұл ретте тиісті мемлекеттік органдар тарапынан оларды мемлекетке қайтару және оларды одан әрі пайдалану бойынша тиісті бақылау жоқ. Сондай-ақ, сауда орталықтарының тұрақ орындарында жылдам қызмет көрсететін тамақтану объектілерінің, жөндеу шеберханаларының және т.б. объектілердің заңсыз орнатылуына қатысты мемлекеттік органдар тарапынан тиісті бақылау жоқ.

Соңғы үш жылда елордада 35 саябақ және павильондар, тамақтану орындары және т.б. жоқ бірнеше қоғамдық кеңістік салынды.

Қаланың Есіл ауданы бойынша павильондарға 107 жер учаскесі берілген, оның ішінде 56 павильон Сулы-жасыл бульварда орналасқан, ал бұл ретте елорданың Ильинка, Пригородный және басқа да тұрғын алаптарында павильондардың қызметі аса қажет.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. «1000 орын – көше саудасы» бағдарламасын іске асыру барысы туралы (бұдан әрі – Бағдарламана)» ақпарат назарға алынсын.

2. «Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» ММ, «Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ, «Astana» ӘКК» АҚ:

«Astana» ӘКК» АҚ-на көше саудасы объектілерін орналастыру үшін жер учаскелерін беру қағидаларын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында, сондай-ақ берілген жер учаскелері бойынша ағымдағы жай-күйге қатысты мониторинг жүргізу мақсатында қолданыстағы шарттар шеңберінде Мәслихат депутаттарының, жауапты мемлекеттік органдар қызметкерлерінің қатысуымен жұмыс тобын құру;

Бағдарламаны іске асыру кезінде көше саудасы объектілерін (павильондарды) қаланың шет аймақтарында, тұрғын алаптарында, соның ішінде соңғы аялдамаларға жақын жерде орналастыру үшін жер учаскелерін беру қажеттілігін ескеру;

жер учаскелеріне рұқсат құжаттарын беру мерзімдерін қысқарту жөнінде ұсыныстар енгізу;

кәріз желілеріне қосумен дәретхана бөлмесін орнатуды ескере отырып, павильондардың жаңа дизайнын әзірлеу ұсынылсын;


көше саудасы объектілерін орналастыру үшін берілген барлық жер учаскелерінің ағымдағы жай-күйі бойынша талдау жүргізу және ақпарат беру ұсынылсын.

3. «Астана қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы» ММ:

мемлекеттік меншіктегі сауда орталықтары маңындағы заңсыз иеленілген жер учаскелеріне қатысты бақылауды және шаралар қабылдауды қамтамасыз ету ұсынылсын.

4. Осы қаулыны орындау бойынша қабылданған шаралар туралы ақпарат қалалық мәслихатқа 2022 жылғы 5 желтоқсанға дейінгі мерзімде ұсынылсын.

**Астана қаласы мәслихатының
бюджет, экономика, өнеркәсіп және
кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссиясының төрағасы**



В. Сергеев